

2026-2027 оқу жылы

ЖШС «Эквизит» Мейірім балабақшасында өткізілген жоспарлы

№1 әдістемелік кеңес

ХАТТАМАСЫ

Өткізілу мерзімі: 31 тамыз 2026 жыл

Өткізу орны: «Мейірім» балабақшасы

Қатысушылар: балабақша педагогтері

Күн тәртібінде:

1. 2026-2027 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту
2. 2026-2027 жылдарта педагог қызметкерлердің біліктілікті арттыру курсының оқудың перспективті кестесін қарастыру;

Әдістемелік кеңес барысы:

2026-2027жылының алғашқы әдістемелік кеңесін балабақша Менгеруші Адилхан.Ж. сөз алды:

-Құрметті әріптестер, адалықта енгелі тұрған жаңа 2005-2026 оқу жылының басталуымен және ертеңгі Конституция күнімен баршанызды құттықтаймын. Осы оқу жылында қатарымызға жаңадан қосылғалы тұрған жас мамандарымызға сәттілік тілеймін! Жаңа ортада жұмыс бастау қай кезде де күрделі көрінуі мүмкін, бірақ жаңа оқу жылынан кірісу тез сіңісіп кетулеріңізге себеп болады деп ойлаймын.

Алғашқы кезекте біз жаңа 2026-2027 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмысында бір жылда не қамтитынымызды қарастырып, жоспарын бекітуіміз керек. Жоспар алдын-ала құрылды. Барлығыңызға белгілі, үлкен міндеттер педагогикалық кеңесте қарастырылатын болғандықтан біз әдістемелік отырыстарда тікелей педагогтердің кәсіби өсуіне қатысты тұстарды қамтуға тырысамыз. Танысып шықсаныздар болады, жоспар үстел үстіне ұсынылды барлығыңызға қолжетімді болуы үшін.

Екінші кезекте күн тәртібіндегі 2026-2027 жылдарға педагог қызметкерлердің біліктілікті арттыру курсының оқудың перспективті кестесін қарастыру көрсетілгендікт, балабақша Менгеруші м.а. Адилхан.Ж барлық педагогтердің біліктілік арттыру курсымен қамтылуы бойынша тоқталды.